

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

2020 ж. 23.10.

Кокшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 129

Город Кокшетау

Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 07 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107-баптарына, «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 25 ақпандағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің № 130 бұйрығына және «Шектеу іс-шараларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің № 239 бұйрығына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің № 57, «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 23 қазандағы № 58 қаулыларына сәйкес және Ақмола облысының халқы арасында COVID-19 жағдайларының тіркелуіне байланысты (2020 жылғы 18-22 қазан аралығында COVID-19 (U07.1) зертханалық расталған 56 жағдайы тіркелді). Расталған және ықтимал жағдайларды тіркеу негізінде репродуктивті саны 7 күн ішінде – 1,09-дан 1,21-ге дейін құрады),
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Ақмола облысы аумағында шаруашылық және (немесе) өзге де қызметтің және халық өмірінің ерекше жағдайларымен эпидемиологиялық жағдайы тұрақтанғанша дейін Ақмола облысының аумағында шектеу іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз ету.

2. Ақмола облысының тұрғындарына:

1) ҚР БМСД-нің № 57-қаулыға № 4-қосымшаға сәйкес жеке қорғаныш құралдарын (бір мәрте және көп реттік бетперделерді) пайдалану және кәдеге жарату алгоритмін сақтауды және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтауды қамтамасыз ету;

2) жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдарының, жедел және шұғыл медициналық көмектің, мемлекеттік медициналық мекемелердің, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, өрт сөндірудің, авариялық-құтқару және авариялық-техникалық қызметтердің қызметкерлерін, әскерге шақырылушыларды жергілікті әскери басқару органдары (әскери комиссариат) қызметкерлерінің ілесіп жүруімен, сондай-ақ стратегиялық объектілер мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің өндірістік процесін қамтамасыз ететін қызметкерлерді қоспағанда, **сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін** Ақмола облысының елді мекендерінің аумағы бойынша тұрғындардың жүріп –тұруын шектеу;

3) **мына жағдайларды қоспағанда**, 65 жастан асқан адамдарға аса қажетті себептерсіз тұратын үйлерінен шықпауға кеңес беріледі:

- азық-түлік, бірінші кезекте қажетті тауарлар, дәрі-дәрмектер және медициналық бұйымдарды сатып алу;
- шұғыл жағдай бойынша медициналық мекемеге бару;

4) **әлеуметтік қашықтықты және жеке қорғаныш құралдарын (бір мәрте және көп реттік бетперделерді) пайдалану мен кәдеге жаратуды сақтай отырып**, ойын-сауық объектілерісіз саябақтарға, алаңдарға, скверлерге және өзге де демалыс орындарына **топта 3 адамнан артық емес немесе бір отбасы мүшелеріне** баруға рұқсат беру;

5) отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, дұға) және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге жол бермеу;

6) жерлеу іс-шараларын жүргізу кезінде **кемінде 2 метр** қашықтықты сақтай отырып, **30 адамнан астам (отбасы мүшелері)** жиналуға жол бермеу.

3. Ақмола облысының әкімдігі, аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері, «Атамекен» ӨКП:

1) БМСД-нің қаулыға 1-қосымшаға сәйкес тиісті Дайындық актілерін алғаннан кейін объектілердің қызметін жандандыруды;

2) InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі негізінде;

3) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін объектінің кіреберісінде санитариялық нормаларға Сәйкестік актісін көзге көрнетін жерге орналастыруды;

4) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтында жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді;

5) бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлердің уақтылы шаралар қабылдауы мақсатында шағымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін InfoKazakhstan.kz сайтты пайдалануды;

6) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;

7) InfoKazakhstan.kz сайтындағы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуі (шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес, ҚР БМСД № 43-

қаулыға, ҚР БМСД-нің № 47-қаулыға қосымшаларда айқындалатын 1 адамға белгіленген алаң ескеріле отырып айқындалады және енгізіледі);

8) «InfoKazakhstan» электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін, объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес объектілерінің қызметін қайта бастауға арналған актіні электрондық түрде беруді **қамтамасыз етсін.**

4. Ақмола облысының әкімдігі, аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері:

1) көпшілік іс-шараларының (мерекелік, спорттық-көпшілік, ойын-сауық мәдени-көпшілік іс-шараларды, форум, конференция, семинар, көрме және т.б. өткізуге), отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, дұға), және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге жол бермеу;

2) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, боулинг орталықтары, компьютерлік клубтар, түнгі клубтар, жабық үй-жайлардағы балалардың ойын алаңдары мен аттракциондары, батуттар және басқалар), букмекерлік кеңселерінің және ересектер мен балаларға арналған өзге де ойын-сауық орындарының, кальян мекемелерінің (оның ішінде қоғамдық тамақтану объектілеріндегі) қызметін тоқтата тұру;

3) фудкорттардың, банкет залдарының қызметін тоқтата тұру;

4) спортшылардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға қатысуы үшін шығыуна тыйым салу;

5) белгіленген талаптарды сақтай отырып және ұжымдық іс-шараларды өткізбей, **жұмыс күндері келушілердің санын 30%-д-нан асырмай**, діни объектілердің (мешіт, шіркеу, собор, синагога және т. б.) қызметін шектеу, **демалыс және мереке күндері тоқтата тұру;**

6) ҚР БМСД-нің №57-қаулысының талаптарын сақтай отырып (объект персоналы қорғау құралдарымен қамтылуы тиіс, қолғапсыз, бетпердесіз персонал жұмысқа жіберілмейді, келушілерге қызмет көрсеткен кезде персоналдың (официант) қолғапсыз, қорғау экрансыз жұмыс жасауына рұқсат берілмейді), адамдардың жаппай жиналуы мүмкін салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және басқа да іс-шараларды өткізбей, бір мезгілде **30 келушіден артық емес, 30-дан кем орналасатын орны бар объектілері үшін-есептік қуаттың 50%-ынан артық емес, үстелдер арасындағы 2 метрден кем емес және келушілер арасында 1 метрден кем емес** қашықтықты сақтап, **жұмыс режимін сағат 08.00-ден 22.00-ге дейін шектей отырып**, үй-жайларда қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне қызметіне рұқсат беру;

7) бекітілген кесте бойынша санитариялық күн өткізе отырып, азық – түлік дүкендердің жұмыс кестесін **сағат 09.00 –ден 22.00-ге дейін** шектеу;

8) такси қызметінің жүріп-тұруын (2 адамнан артық емес) шектеу;

9) келушілердің санын 30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш. м. сақтаған, ҚР БМСД-нің № 57 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда **жұмыс күндері сағат 19.00-ге дейін алаңы 1000 ш.м. астам** сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда объектілерінің қызметіне рұқсат беру;

10) келушілердің санын 30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш. м. сақтаған, ҚР БМСД-нің № 57 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда **жұмыс күндері сағат 19.00-ге дейін** азық-түлік емес және жабық азық-түлік

базарларының (базарлар үлгісіндегі сауда үйлері, сауда орталықтары, павильондар, дүкендер және т. б.) қызметіне рұқсат беру;

11) ҚР БМСД-нің № 57-қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда, санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, алдын ала жазылу бойынша, клиент залында (4 шаршы метрге 1 адам және оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілей отырып, кресло арасында кемінде 2 метр қашықтық) әлеуметтік қашықтықты сақтау мүмкіндігі есебінен келушілердің толтырылуы сақталған жағдайда сұлулық салондарының, шаштараздардың, СПА орталықтарының және косметологиялық қызмет көрсететін объектілердің қызметіне рұқсат беру;

12) ҚР БМСД-нің № 57- қаулының талаптарын сақтаған жағдайда, **алдын ала жазылу бойынша, топтарда 15 адамнан асырмай**, балалар кабинеттерінің/түзету орталықтарының, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне рұқсат беру;

13) ҚР БМСД-нің № 57- қаулының талаптары сақталған жағдайда, ашық ауада аттракциондар қызметіне рұқсат беру;

14) ҚР БМСД-нің №57- қаулының талаптары сақталған жағдайда, алдын ала жазылу бойынша, келушілердің санын 50%-дан асырмай және бір адамға 5 шаршы метрден кем емес қамтамасыз ету кезінде фитнес-орталықтары мен спорттық-сауықтыру орталықтарының қызметіне рұқсат беру;

15) ҚР БМСД-нің №57-қаулының талаптары сақталған жағдайда, келушілердің санын 50%-дан асырмай және бір адамға 4 шаршы метрден кем емес қамтамасыз ету кезінде моншалардың, сауналардың қызметіне рұқсат беру;

16) ашық ауада жеке және топтық жаттығуларға (топта 5 адамнан асырмай) рұқсат беру;

17) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығуларға (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру) рұқсат беру;

18) жеке және топтық жаттығулар үшін спорт кешендерінің қызметіне **5 адамнан артық емес** рұқсат беру;

19) ҚР БМСД №57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда қоғамдық көліктің жұмысына (қарбалас сәтте автобустар санының артуы, кондуктордың болуы, соңғы аялдамада дезинфекциялық құралдармен өңдеу, барлық есіктердің ашылуы, отыратын орындар саны бойынша толықтырылуы) рұқсат беру. **Демалыс және мереке күндері** қоғамдық көліктің жұмысын тоқтата тұру;

20) жеке автокөліктің өңірлер арасында жүруіне рұқсат беруді;

21) ҚР БМСД №57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық кампаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне рұқсат беруді қамтамасыз етсін. **Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 80%-ы қашықтықтан жұмыс нысанында қалдырылады (штаттық кестеде 30-дан астам қызметкер болғанда);**

22) аймақтарға бөлу талаптары және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим, ҚР БМСД №57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда медициналық орталықтардың қызметіне (жазылу бойынша) рұқсат беруді;

23) туризм объектілері мен халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы ұйымдардың (қонақ үйлер, отельдер, демалыс үйлері, туристік базалар

және т. б.) қызметіне толықтыруды 80%-дан асырмай, ҚР БМСД №57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда рұқсат беруді;

24) ҚР БМСД № 57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда дәріханалардың қызметіне рұқсат беруді;

25) үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметіне; ашық ауадағы құрылыс жұмыстарына, ауыл және балық шаруашылығына, мал шаруашылығына ҚР БМСД № 57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда рұқсат беруді;

26) ҚР БМСД-нің № 57 қаулының талаптарын, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, **(алдын ала жазылу бойынша, автосалонда 2 клиенттен артық емес, ТҚС-да 3 клиенттен артық емес, тұрақты жұмыс орындары арасында кемінде 2 метр қашықтықтың болуы)** келушілерге жанаспайтын қызмет түрлерін көрсету объектілеріне (көлік жуу, көлік жөндеу, тұрмыстық техника жөндеу және т.б.) жұмыс тәртібін **сағат 08.00-ден 22.00-ге дейін** шектелген уақыт бойынша рұқсат беру;

27) ҚР БМСД № 57-қаулысының талаптарын сақтай отырып, бизнес-орталықтардың (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттік, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары қызметтері және т.б.), айырбастау пункттерінің, ломбардтардың жұмысын ұйымдастыру;

28) ҚР БМСД № 57-қаулысының талаптарын сақтай отырып, жұмыс кестесін **сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін белгілей отырып**, ХҚКО-ның жұмысын ұйымдастыру, демалыс және мереке күндері жұмысын тоқтата тұру;

29) ҚР БМСД № 57-қаулысының талаптарын сақтай отырып, «Қазпочта» АҚ жұмысын жұмыс күндері **сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін**, сенбі күндері **сағат 09:00-ден 14:00-ге дейін** уақытты шектей отырып және онлайн форматта барынша қызмет көрсете отырып ұйымдастыру;

30) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актілері негізінде уақыты мен санын шектей отырып, қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беру;

31) сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейін болатын, контингенті 5-тен 180 адамға дейінгі мектептердің; сыныптардың жинақталуы 15 баладан аспаған кезде, ата-аналарының өтініші бойынша мектепалды, 1-4-сыныптардың білім алушыларына арналған білім беру ұйымдарындағы кезекші сыныптардың жұмыс істеуіне рұқсат беру;

32) бір адамға су айнасының 5 ш.м. есебінен жеке форматта, алдын ала жазылу бойынша бассейндер қызметіне рұқсат беру;

33) **бетперде режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын** жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларға) баруға рұқсат беруді;

34) ҚР БМСД №58- қаулыға 3-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізуге рұқсат беру (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде);

35) өңірлердегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат беру;

36) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беруді;

37) бетперде режимін, әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық ауадағы кинотеатрлар қызметіне рұқсат беруді;

38) театрлардың қызметіне рұқсат беруді (**толтырылуы 50%-дан асырмай, бірақ 50 адамнан артық емес**, infokazakhstan.kz порталда тіркеле отырып, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты сақтау және ҚР БМСД №57-қаулысының талаптарын сақтау);

39) бір мезгілде **30 адамнан асырмай** жинақтай отырып, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын қайта бастауға рұқсат беруді;

40) қоғамдық көліктерге, таксилерге, өнеркәсіптік аумақтарға, әуежайларға, аулалық балалар алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізу;

41) *(Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес)* жексенбі және мереке күндері мынадай шектеу шараларын енгізуді:

- келушілердің санын **30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш. м. сақтаған, азық-түлік супермаркеттері мен дәріханаларды, құрылыс тауарларын, жиһаз бен автобөлшектерді өткізу бойынша оларда орналасқан және жеке тұрған сауда объектілерін қоспағанда**, сауда-ойын-сауық орталықтарының, 1000 және одан да көп ш.м. көлемімен сауда объектілерінің, жұмысын тоқтата тұру;

- азық-түлік емес және жабық азық-түлік базарларының (сауда үйлері, сауда орталықтары, павильондар, дүкендер және т.б.) жұмысын тоқтата тұру;

42) қала маңындағы жолаушылар поездарын/электрпоездардың қозғалысын, қалааралық облысшілік автобустардың, микроавтобус тасымалын жандандыру;

43) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларына сәйкес шектеу іс-шараларының сақталуына мониторинг жүргізу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке санитариялық-карантиндік шараларды сақтамайтын тұлғаларды тарта отырып, әкімдіктер жанындағы мобильді топтардың объектілерге іріктеп тексеру жүргізу;

44) халыққа COVID-19 таралуының алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

45) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәби үйлеріне, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантин режимі және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау;

46) COVID-19 (U07.1) және вирустық пневмония (U07.2) ауруларымен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсетуге тартылған инфекциялық және провизорлық стационарлар қызметкерлерін тұратын орынмен қамтамасыз ету;

47) әртүрлі медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлерін бөлек орналастырумен және тамақтандырумен қамтамасыз ету (әртүрлі үй-жайларда, олардың қарым-қатынас мүмкіндігін болдырмау);

48) бір медициналық ұйымның әртүрлі бөлімшелерінің қызметкерлерін үй-жайларда бөлек орналастырумен және тамақтандырумен қамтамасыз ету;

49) үйден тыс тұратын инфекциялық және провизорлық стационарлар қызметкерлерінің COVID-19 (U07.1) және вирустық пневмония (U07.2) таралуының алдын алуға бағытталған орналастыру, тамақтану жағдайларын және басқа да іс-шараларды орындауын бақылауды қамтамасыз ету;

50) қашықтықтан консультация беру мүмкіндігі үшін медицина қызметкерлерінің тұратын жерлерінде интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз ету;

51) «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ-ндағы РМК-ы Ақмола облысы бойынша филиалының вирусологиялық зертханасының қызметкерлерін тұратын орынмен және тамақтандырумен қамтамасыз ету;

52) медицина қызметкерлері үшін тұратын жерінен жұмысқа дейін және кері бағытта әрбір медициналық ұйым үшін көлікті қамтамасыз ету, кейіннен көлікті дезинфекциялау;

53) ҚР БМСД-нің №46-қаулыға 32-қосымшаға сәйкес қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, COVID-19-дан (U07.1) және вирустық пневмониядан (U07.2) қайтыс болған адамның мәйітін жерлеуді ұйымдастыру үшін әрбір ауданда (қалада) бригада құрылсын;

54) COVID-19-дан (U07.1) және вирустық пневмониядан (U07.2) қайтыс болған адамдардың мәйіттерін тасымалдауға арналған автокөлікпен, көмуге қатысатын адамдарға арналған жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.

5. Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Ақмола облысы полиция департаментінің бастығы:

1) COVID-19 U07.1 және вирустық пневмония U07.2 расталған жағдаймен жақын байланыс ретінде қоршаған ортадан анықталған тұлғалар және ауру белгілері жоқ (*вирус тасымалдаушылары*) тұлғалар үйдегі карантин жағдайының сақталуын бақылауға жәрдемдесу;

2) қызметі рұқсат етілген объектілерде карантин шараларының, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылауға жәрдемдесу. Бұзушылықтар анықталған жағдайда, Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы кодексі негізінде тиісті әкімшілік шаралар қолдануын қамтамасыз етсін.

7. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшылары:

1) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларының талаптарын орындау;

2) халықты кепілді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдай отырып, сумен жабдықтау объектілерінің жұмысын бақылау;

3) әкімшілік шаралар қолданбай, халыққа берілетін су сапасына санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу;

4) карантин режимінің сақталуын бақылау шеңберінде азық-түлік дүкендерін және тамақ жеткізуді жүзеге асыратын қоғамдық тамақтандыру ұйымдарын қадағалау;

5) COVID-19 ауыратын науқасты сұрастыру;

6) онда тәуекел тобындағы адамдар (жүрек-қантамыр жүйесінің созылмалы аурулары, қант диабеті, метаболикалық синдром, бүйректің созылмалы ауруларымен ауыратын 60 жастан асқан адамдар, жүкті әйелдер) болмаған жағдайда белгілері жоқ вирус тасымалдаушылары ошақтарын қоспағанда, эпидемиологиялық тексеру картасын толтыра отырып, COVID-19 жағдайларын эпидемиологиялық тексеру. COVID-19 жағдайларын эпидемиологиялық тексеру мынадай басымдықта жүргізу керек: ауру белгілері бар COVID-19 жағдайларының ошақтары; ауру белгілері жоқ ағымымен COVID-19 жағдайларының ошақтары; басқа ошақтар. Пациент және байланыста болған тұлғалар туралы деректер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің COVID-19 Веб-қосымшасына енгізуді;

7) осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес үй карантиніндегі байланыста болған, сондай-ақ олармен бірге тұратын адамдарға үйде оқшаулау (үй карантині) қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы қол қойғызып хабарлауды;

8) COVID-19 әрбір жаңа жағдайы туралы ақпаратты «ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына зертханалық растауды алған сәттен бастап 12 сағат ішінде ұсыну;

9) инфекциялық стационарларда және өзге де денсаулық сақтау ұйымдарында эпидемияға қарсы режимнің сақталуын бақылау;

10) халықты COVID-19 таралуы бойынша ағымдағы эпидемиологиялық жағдай және өңірлерде қолданылатын шаралар туралы хабардар ету;

11) COVID-19(U07.1) алдын алу шаралары туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту;

12) санитариялық-карантиндік талаптардың шарттарын сақтамағаны үшін әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдау;

13) медициналық ұйымдардың «Дамумед» АЖ-і арқылы байланыста болған адамдарға қашықтықтан мониторинг жүргізуін бақылауды **қамтамасыз етсін.**

8. Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы, аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері:

1) бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы 2 күн ішінде қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы халыққа хабардар ету;

2) халыққа қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы жаднамалар, оның ішінде шұғыл және апаттық қызметтердің барлық қажетті байланыстарын көрсете отырып, шектеу іс-шаралары кезеңінде көшелерде қауіпсіздік шараларын, жүріс-тұрыс ережелерін сақтау туралы азаматтарға арналған нұсқаулықтар әзірлеу;

3) облыс тұрғындары арасында жұқтыру ошақтарын оқшаулау және оның таралу қаупін азайту бойынша қабылданатын шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық жариялау жүргізуін **қамтамасыз етсін.**

9. «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ-ндағы РМК-нің Ақмола облысы бойынша филиалы Қазақстан Республикасы мен Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулылары талаптарының орындалуын **қамтамасыз етсін.**

10. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы» 2020 жылғы 15 қазандағы Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің № 125 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

11. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын тиісті аумақтың, Ақмола облысының қалалары мен

аудандарының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдауға құқылы.

12. Қаулы меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

13. Осы қаулыны барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізу, халықты бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар ету.

14. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

15. Осы қаулы қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты ұзарту және жеңілдету ықтималдығымен **2020 жылғы 24 қазанда сағат 00:00-ден бастап** күшіне енеді.

Ақмола облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



А.Мусина